



ЭКОНОМИКС

Сұраныс алғышарты: тұтынушы
таңдауы

**Дәрістің жоспары:**

1. Стандартты экономикалық модель.
2. Таңдау: тұтынушы қалауы.
3. Бюджеттік шектеу: тұтынушының мүмкіндігі.

Стандартты экономикалық модель

Дәрістің бірінші сұрағында біз тұтынушы және пайдалылық туралы сөз қозғаймыз. Тұтынушының негізгі әрекеттері мен шешім қабылдау заңдылықтары тәжірибеде аса маңызды болып табылады және олардың мінез-құлықтарына байланысты фирмалар мен мемлекеттің стратегиялық саясаттары жасалып отырады.

Стандартты экономикалық модель жағдайында сұранысты толық түсіндіру үшін тұтынушының қандай таңдау жасайтындығын зерттеуге болады. Мұнда тұтынушы тауарлар сатып алғанда оңтайлы шешім қабылдайды және тапқан табыстарын толығымен жұмсайды деген болжам жасалады. Тұтынушының кім екенін жалпылама білгенімізбен, біз оған анықтама беруге міндеттіміз.

Тұтынушы (сатып алушы) – соңғы игіліктер мен қызметтерді тұтынатын кез келген экономикалық агент (индивид, жеке фирма, мемлекеттік кәсіпорын). Әдетте экономистер өздігінен шешім қабылдайтын тұтынушыны жеке индивид немесе ұйым ретінде емес отбасы (үй шаруашылығы) ретінде қарастырады.

Тұтынушылардың белгілі бір уақытта өздерінің шектеулі табыстары шеңберінде тауарды сатып алу жөніндегі бірнеше пайымдары болады. Соларға назар аударайық:

- сатып алушылар әрқашанда рационал шешімдерді қабылдайды;
- табысының аз мөлшеріне көбірек тауар сатып алғысы келеді;
- сатып алушылар өз пайдалылықтарын барынша арттырғысы келеді;
- сатып алушылар тек өз мүдделері үшін ғана әрекет етеді және басқаларының шешімдерін ескермейді.

Тұтынушы тауарды оның пайдалылығы үшін тұтынады, яғни тауардың қасиеті тұтынушының қажеттілігін қанағаттандыру қажет. Пайдалылықты бағалау тұтыну процесінің бірқатар заңдылықтарымен байланысты.

Біріншіден, адамдардың қажеттіліктері біртіндеп қанағаттандырылады, яғни, игіліктің қолданылу деңгейіне байланысты қанағаттандырылады. Жалпы (жиынтық) пайдалылық бұл жерде өседі. Жиынтық пайдалылығы – тұтынылатын игіліктің барлық көлемінің жиынтық пайдалылығы.

Екіншіден, тұтыну мөлшеріне байланысты игілікті тұтынудың интенсивтілігі немесе мөлшерінің өсуі төмендей береді. Сәйкесінше, игіліктің әрбір қосымша пайдалылығы тұтынушы үшін төмендей береді. Мысалы, қатты шөлдеп тұрған адамға бірінші стакан судың пайдалылығы өте жоғары болады, содан кейін шөлді басу мөлшеріне байланысты әрбір қосымша стакан судың пайдалылығы алғашқыларына қарағанда біртіндеп төмендей береді. Тұтынылатын игіліктің әрбір қосымша бірлігінің пайдалылығы – шекті пайдалылық деп аталады. Тұтынылатын игіліктің санының өсуіне байланысты шекті пайдалылықтың төмендеу тенденциясын біз шекті пайдалылықтың кему заңы деп атаймыз.

Алайда 1776 жылы Адам Смит өзінің әйгілі «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы» еңбегінде су мен алмаздың арасындағы парадокстың бар екенін жазды. Ол былай дейді: «Адамға ең қажетті игілік – судың құны неге арзан, ал адамға қажеті шамалы – алмаздың құны неге қымбат?». Бұл парадокстың түйінін шамамен 100 жылдан кейін австриялық мектептің, маржинализм бағытының негізгі өкілдерінің бірі Уильям Стенли Джевонс шешті. Оның пайымдауынша, судың жалпы пайдалылығы жоғары, ал шекті пайдалылығы – төмен; ал алмаздікі – керісінше, оның жалпы пайдалылығы төмен, ал шекті пайдалылығы – жоғары. Ал бұл жерде осы игіліктердің бағалары жалпы пайдалылықпен анықталмайды, шекті пайдалылықпен анықталады. Осылайша Джевонс шекті пайдалылық теориясын қалыптастырды.



Табыстар мен бағалардың тұтынушының таңдауына тікелей әсер етуі оның сұранысын анықтайды, ал осыған сәйкес қажеттіліктердің қанағаттандырылу мүмкіндігі немесе сол игіліктің максималды пайдалылығы анықталады, яғни пайдалылық пен сұраныс арасында байланыс бар екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Шекті пайдалылықты ақша бірлігімен есептесек, онда біз тұтынылатын тауар мөлшері мен оның шекті пайдалылығы (тауардың бағасы) арасындағы кері байланыстың бар екенін байқаймыз. Осыған байланысты шекті пайдалылықтың төмендеу заңы сұраныс заңына айнала алады, ал тұтынылатын тауардың көлемі мен шекті пайдалылығы туралы мәліметтер негізінде теріс көлбеулі сұраныс қисығын сызуға болады. Соңында біз пайдалылық ұғымына келесідей анықтама береміз.

Сонымен, пайдалылық дегеніміз – өнімнің белгілі бір көлемін тұтырудан алынатын қанағаттанушылық дәрежесі. ХІХ-шы ғасырдың екінші жартысында австриялық мектеп өкілдерінің зерттеулері нәтижесінде (әсіресе, Уильям Стенли Джевонстың) мынадай заңдылық пайда болды: тұтынылатын игіліктің мөлшеріне қарай тұтынушы үшін пайдалылығы төмендей беретіндігі анықталды. Тұтынылатын игіліктің мөлшері үздіксіз өскен сайын оның жалпы пайдалылығы да өседі, бірақ оның шекті пайдалылығы төмендей береді. Егер игіліктің әріқарай тұтынылуы тұтынушыға зиян әкелсе, онда сол игіліктің жалпы пайдалылығы төмендейді, яғни әрбір қосымша тұтынылған игіліктің саны өскен оның біз үшін пайдалылығы төмендей береді. Осыған орай, тұтынушы үшін игіліктің бағасы оның жалпы пайдалылығымен емес, шекті пайдалылығымен анықталады.

Сонымен тұтынушы тәртібінің теориясы тұтынушы таңдауының (мінез-құлқының) негізгі принциптерін зерттейді, оның негізінде игіліктің пайдалылығы, оның бағасы, тұтынушының табысы сияқты түсініктер қарастырылады.

Дәрістің екінші сұрағында тұтынушының қалауы туралы қарастырамыз.

Таңдау: тұтынушы қалауы

Тұтынушының таңдауы адам өмірінде шешім қабылдаудың аса маңызды түрі ретінде саналады. Бұл сұрақта осы мәселе туралы ой түйіндейтін боламыз. Тұтынушы таңдауындағы негізгі фактор болып табылатын талғам немесе оның қалауы игіліктің пайдалылығын анықтайды деп біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Игіліктің пайдалылығын зерттейтін екі теория бар. Біріншісі, кардиналистік теория игіліктің пайдалылығын сан жағынан өлшейді, алайда тәжірибеде, бұл теориядан гөрі игіліктің пайдалылығын сапалық жағынан зерттейтін теория маңыздырақ болып табылады. Екіншісі, ол ординалистік теория кезінде тұтынушылар тауарлар жиынын бір-бірімен салыстырып отырады, яғни, бір тауар жиынын екінші тауар жиынынан артық көру арқылы жүзеге асырылады. Ординалистік теорияның көзқарастары бойынша тұтынушының тауар таңдаудағы жеке ұнамдылықтары мен жеке мүмкіндіктерін түсіндіру үшін екі құрал қолданылады. Соның бірі ол талғамсыздық қисықтары.

Тұтынушының таңдау жинағы – тұтынушыға қолжетімді баламалар жиынтығы.

Тұтынушы таңдауының салыстыру аксиомасы мынадай тұжырымдарға негізделеді:

Тұтыну түрлерінің алуан түрлілігі. Әрбір тұтынушы көптеген жекелеген игіліктердің түрлерін тұтынуды қалайды.

Тойымсыздық. Тұтынушы кез келген тауар мен қызметтің үлкен көлемін тұтынуға ұмтылады. Барлық экономикалық игіліктердің шекті пайдалылығы әрқашанда оң мәнге ие.

Транзитивтік. Тұтынушы таңдауының теориясы тұтынушы талғамдарының белгілі бір үйлесімділігіне негізделеді.

Өзара алмастырушылық. Тұтынушы А игілігінің белгілі бір мөлшерін тұтырудан бас тартады, егер оған А игілігінің орнын басатын – субститут В игілігі көбірек ұсынылады.

Шекті пайдалылықтың төмендеу принципі. Кез келген игіліктің шекті пайдалылығы оның тұтынылу мөлшеріне тікелей байланысты.

Енді біз талғамсыздық қисығы деген ұғымға тоқталамыз.

Талғамсыздық қисығы – бұл тұтынушыға бірдей пайдалылық алып келетін екі экономикалық игіліктің әртүрлі комбинациялар жиынтығын көрсететін қисық («Экономикс» оқулығында талғамсыздық қисықтары туралы мысалдар келтірілген).



Ал екі экономикалық игіліктің кеңістігінде жатқан бірнеше талғамсыздық қисықтары – талғамсыздық қисықтарының картасы деп аталады. Талғамсыздық қисықтарының картасы тұтынушының ұнамдылықтарын көрсетеді және оның әртүрлі игіліктердің кез келген екі комбинациясына қатынасын анықтауға мүмкіндік береді.

Талғамсыздық қисықтарының төрт қасиеті:

1. Талғамсыздық қисықтары ешқашан қиылыспайды, егер олар бір бірімен қиылысатын болса, онда сол нүктеде қиылысқан екі қисық бірдей пайдалылықты көрсетеді, сондықтанда бұл біздің анықтамамызға қайшы болып келеді.

2. Талғамсыздық қисықтарында орналасқан тауар жиынтықтары неғұрлым координат басынан жоғары орналасса, онда ол соғұрлым көп ұнамдылық немесе пайдалылық әкеледі.

3. Талғамсыздық қисықтары теріс бағытты болып келеді. Бұл қисықтардың бойымен жылжи отырып біз бір игіліктің мөлшерінен оны екіншісіне ауыстыра отырып бас тартамыз, олардың жалпы пайдалылықтары өзгермейді.

4. Талғамсыздық қисықтары ішке қарай иіледі. Қисықтың көлбеуі алмастырудың шекті нормасын білдіреді.

Талғамсыздық қисықтарының қасиеттері туралы мысалдарды «Экономикс» оқулығының осы тақырыпқа қатысты тарауынан көруге болады. Алмастырудың шекті нормасы (MRS) – өзара алмастырылу қасиетіне ие екі игіліктің шекті пайдалылықтарының арақатынасы және ол тұтынушының бір игіліктің қосымша (шектеу) бір бірлігін тұтынуды арттыруы (азайтуы) үшін екінші игілікті тұтынудың қанша (шектеу) бірлігінен бас тартуға болатындығын немесе азайта (арттыра) алатынын көрсетеді.

Егер абсцисса осіне X игілігінің мөлшерін орналастырсақ, ал ордината осіне Y игілігінің мөлшерін орналастырамыз, онда $\Delta Y/\Delta X$ немесе dy/dx қатынасы X игілігін Y игілігіне алмастырудың шекті нормасын (немесе субституциясын) сипаттайды («Экономикс» оқулығынан қарауға болады).

Сонымен, біз білетіміздей, талғамсыздық қисығы тұтынушының тауар таңдаудағы тек жеке ұнамдылықтарын ғана көрсетеді. Тұтынушының таңдауын айтып болғаннан кейін, оның нақты іске асырылуы туралы мәселені келесі сұрақта қарастырамыз.

Бюджеттік шектеу: тұтынушының мүмкіндігі

Қазіргі жағдайда кез келген тұтынушының бюджеттік жағдайы шектеулі және оның нақты өмірде осы жағдайды қалай іске асыратындығы біз үшін маңызды болып табылады. Дәрістің соңғы сұрағында осы жайлы сөз қозғаймыз.

Талғамсыздық қисықтары тұтынушының ұнамдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл жерде екі маңызды ұғым: тауарлардың бағасы мен тұтынушылардың табыстары есепке алынбайды.

Талғамсыздық қисықтары тек бір игіліктің екіншісіне алмастырылу мүмкіндіктерін ғана көрсетеді. Бірақ бұл қисықтар тұтынушының қандай нақты тауарлар жиынтығы аса тиімді деп санайтынын көрсетпейді. Бұл ақпаратты бізге бюджет шектеулілігі (бағалар мен шығындар сызығы) анықтайды. Бюджет шектеулілігі туралы біз мынадай анықтама бере аламыз.

Бюджет шектеулілігі – тұтынушының дәл қазіргі уақытта берілген табыс деңгейінде және белгілі бір бағамен сатып ала алатын игіліктерінің барлық нұсқаларының жиынтығы. Бюджет шектеулілігі қолда бар нақты ақшаға қанша тұтыну тауарларын сатып алуға болатындығын және жалпы жұмсалатын шығынның табысқа тең болу керектігін көрсетеді. Тұтынушының табысы азайса бюджет сызығы параллельді түрде солға, ал табыс көбейсе сызық параллельді түрде оңға жылжиды.

Бюджеттік шектеу сызығы – берілген табыс мөлшерінің игіліктер жиынтығын толық сатып алу кезіндегі сол игіліктер жиынын көрсететін нүктелерді қосатын түзу сызық.

Егер I – тұтынушының табысы, P_x – X тауарының бағасы, P_y – Y тауарының бағасы болса, онда X және Y тауарлары сатып алынған игіліктер санын құрайды, онда бюджет шектеулілігінің теңдеуін мынадай формуламен жазуға болады:



$$I = P_x X + P_y Y$$

мұндағы – P_x/P_y – бюджет сызығының бұрыштық коэффициенті, бұл сызықтың абсцисса осіне көлбеулігін өлшейді.

$X = 0$ болғанда, $Y = I/P_y$, яғни тұтынушының барлық табысы Y игілігіне жұмсалады. Оның мөлшерін табысты осы игіліктің бағасына бөлу арқылы есептейміз. $Y = 0$ болғанда, $X = I/P_x$, яғни біз тұтынушы сатып алатын X игілігінің мөлшерінің анықтаймыз («Экономикс» оқулығында бюджет сызығы туралы мәліметтер келтіріледі).

Сонымен, бюджет шектеулілігі тұтынушының тауар таңдаудағы тек жеке мүмкіндіктерін ғана көрсетеді.

Соңында, біз тұтынушының оңтайлы шешім қабылдауы немесе тұтынушының тепе-теңдігі туралы айтамыз.

Талғамсыздық қисықтарының бюджет сызығымен жанасу нүктесін біз тұтынушының тепе-теңдік жағдайы (оңтайлы шешімі) деп атаймыз. Бұл нүктеде тұтынушы өзінің қажеттілігін толық қанағаттандырады.

Сонымен, тұтынушының оңтайлы шешімі – тұтынушы өзінің жалпы пайдалылығын және әл-ауқаттылығын максималдай алатын нүктесі немесе шектеулі табысын толық жұмсаудан алатын қанағаттанушылық деңгейі («Экономикс» оқулығының осы дәріске қатысты тарауынан тұтынушының тепе-теңдік жағдайы туралы толығырақ оқып алуға болады).

Тұтынушының тепе-теңдік жағдайына баға мен табыс деңгейі міндетті түрде әсер етеді. Осыған байланысты, «табыс-тұтыну» қисығын, Энгель қисықтарын және «баға-тұтыну» қисығы мен сұраныс қисығын алуға болады. Ол туралы құрметті тыңдаушылар «Экономикс» оқулығында келтірілген сызбалармен түсіндірілген мысалдарды қосымша оқу арқылы түсініп алуға болады.

Түйін

1. Стандарт экономикалық модель тұтынушылардың рационал шешім қабылдауларын қарастырады. Модель негізіндегі көрсетілген болжамдар адамдарды өз пайдалылықтарын барынша арттыруға итермелейді.

2. Тұтынушының тауар таңдаудағы жеке ұнамдылығы мен қалауын сипаттайтын талғамсыздық қисығы бірдей деңгейде қанағаттандырылатын әртүрлі өнімдер жиынтығын көрсетеді. Талғамсыздық қисығының көлбеуі – алмастырудың шекті нормасы, бұл тұтынушының бір өнімді екінші өніммен алмастыруға болатындығын бейнелейді.

3. Тұтынушының тауар таңдаудағы жеке мүмкіндіктерін көрсететін бюджеттік шектеу қисығы сол тұтынушының сатып ала алатын әртүрлі өнімдер жинағын анықтайды. Бюджеттік шектеу қисығының көлбеуі сатып алынатын тауарлардың салыстырмалы бағаларына байланысты болады.

4. Талғамсыздық қисығы мен бюджеттік шектеу қисығы бір жазықтықтың бойында жанасқан нүктесінде тұтынушы өз таңдауын оңтайландырады немесе тепе-тең жағдайы орындалады. Тұтынушының оңтайлы таңдауы немесе тепе-тең жағдайы баға мен табыс деңгейіне байланысты өзгеріп отырады.

5. Тұтынушының таңдау теориясы тәжірибеде көп қолданылады, себебі бұл сұраныстың қандай екендігін және соған қатысты тұтынушылардың қалайша тиімді шешім қабылдайтындығын көрсетеді.

Шолу сұрақтары

1. Тұтынушы таңдауының теориясы және стандарт экономикалық модель қандай болжамдарға сүйенеді?

2. Талғамсыздық қисығы нені сипаттайды және оның қасиеттері қандай?



3. Бюджеттік шектеу қисығы нені көрсетеді және ол қандай факторлардың әсерінен өзгереді?
4. Алмастырудың шекті нормасы дегеніміз не?
5. Тұтынушының шешімі қандай жағдайда оңтайлы болады және оның тепе-тең шамасына қандай факторлар әсер етеді?
6. Тәжірибеде стандарт экономикалық модель қандай жағдайда орындалмауы мүмкін?
7. Игіліктің пайдалылығы дегеніміз не және оның түрлері қандай?
8. Пайдалылықты зерттейтін теориялар бар ма?
9. Адам Смиттің парадоксы нені көрсетеді және оның шешімі қандай?
10. Шекті пайдалылықтың кемуіне қандай мысалдар келтіруге болады?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ғабит Ж.Х., Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Микроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / – ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. – 2-ші бас., өңдел. және толық.-Алматы: Print-S, 2012 ж. Тақырып 3.
2. Микроэкономика. Құдайбергенова К.С. Оқу құралы. – Көкшетау: 2009. 3 – тақырып.
3. Мамыров Н.Қ., Есенғалиева Қ.С., Тілеужанова М. Ә. Микроэкономика: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2004. 4 тарау.
4. Тарануха Ю.В. Микроэкономика: учебник для студентов вузов, обучающихся по экономическим специальностям. 3-е издание. М.: Изд-во «Дело и Сервис», 2013. Глава 3.
5. Нуреев Р. М. Курс микроэкономики: Учебник/Р.М. Нуреев. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2014. Глава 4.
6. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Микроэкономика. 4-е издание. Спб.: Питер, 2012. Глава 3.
7. Курс экономической теории: учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017 (Раздел 2: Микроэкономика). Глава 5, параграфы № 9.